



XҒТАР 04.51.53; 14.29.01

<https://doi.org/10.32523/3080-1702-2025-153-4-177-196>

Ғылыми мақала

## ҚАЗАҚСТАНДА ЖӘНЕ ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ МЕКТЕПТЕРІНДЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ САЯСАТЫНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫН ТАЛДАУ

М.Н. Сыздық<sup>ID</sup>, П.Ж. Парманкулова\*<sup>ID</sup>

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

(E-mail: makpal\_s@list.ru, \*perizatpa11@mail.ru)

**Аңдатпа.** Инклюзивті білім беру әлемдік саясаттың негізгі бағыттарының бірі ретінде барлық оқушыларға, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың сапалы білім алуға тең қол жеткізуін қамтамасыз етуге бағытталған. Инклюзивті білім беру әртүрлілік бағаланатын білім беру ортасын құруды мақсат етеді. Қазақстан Республикасында инклюзивті саясатты жүзеге асыру үдерісі күрделілігімен ерекшеленеді және оң жетістіктер мен елеулі қиындықтардың үйлесімін қамтиды. Бұл зерттеудің өзектілігі әлеуметтік білім беру ортасының трансформациясы жағдайында жағдайында инклюзивтілікті дамыту мәселесінің арта түсу маңыздылығымен айқындалады. Зерттеудің мақсаты – Қазақстанда, сондай-ақ Шымкент қаласының мектептерінде инклюзивті білім беру саясатын жүзеге асыру барысына егжей-тегжейлі талдау жасау. Зерттеудің әдіснамалық негіздері келесі кезеңдерді қамтиды: дайындық кезеңі, кабинеттік зерттеу, жиналған деректерді талдау және нәтижелерді ұсыну. Қазақстан Республикасындағы инклюзивті білім беру саласындағы әлеуметтік саясатты талдау бұл бағытты мемлекеттің белсенді қолдауын көрсетті. Алынған нәтижелер Қазақстанда инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыруға және дамытуға бағытталған бірқатар бастамалардың қабылданғанын дәлелдейді. Шымкент қаласының мектептеріндегі инклюзивті тәжірибені дамыту барлық балалар үшін қолжетімді әрі сапалы білім беру жағдайларын жасауға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың табысты жүзеге асыруда стратегиялық маңызға ие. Жүргізілген зерттеу нәтижелері отандық білім берудегі инклюзия үдерістерін ғылыми тұрғыдан терең түсінуге мүмкіндік береді және әрбір бала үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге бағытталған практикалық міндеттерді шешуге үлес қосады.

**Негізгі ұғымдар:** әлеуметтік саясат, инклюзивті білім беру саясаты, саясатты іске асыру, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар, арнайы мектептер.

Түсті: 15.08.2025; Жөнделді: 26.11.2025; Мақұлданды: 30.11.2025; Онлайн қолжетімді: 25.12.2025

## Кіріспе

Инклюзивті білім беру – әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, гендерлік қатысына, тілдік және этникалық шығу тегіне, дініне және мүгедектігіне қарамастан барлық білім алушыларға арналған білім беру жүйесі. Осылайша, инклюзивті білім беру кез келген кемсітушілікке жол берместен, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін сапалы білімге қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, барлық қатысушыларға тең қарым-қатынас кепілдігін береді. Жалпыға бірдей инклюзивті және сапалы білімге қол жеткізу 2030 жылға дейінгі тұрақты даму мақсаттарының (ТДМ) бірі болып табылады (Armando et. al., 2019).

Тұрақты даму мақсаттарының және инклюзияның дамуында маңызды белеске айналған Саламанка декларациясын қабылдау денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға «инклюзивті білім беруді жеделдетуге» ықпал етіп, олардың білім беру жүйелеріне толық кірігуін (Dudu et. al., 2024) қамтамасыз етеді. Инклюзивті білім беру денсаулығында бұзылыстары бар балалармен қатар түрлі этникалық және әлеуметтік топ өкілдерінің (Kaup, 2024) әртүрлі білім беру қажеттіліктерін қамтиды (Oranga et. al., 2024). Әртүрлілікті бағалайтын және барлық оқушылардың белсенді қатысуын қолдайтын (Vorba et. al., 2024) білім беру ортасын құрады және әртүрлі көзқарастар мен қабілеттерді (Rodríguez et. al., 2021) байланыстырады.

ЮНЕСКО-ның анықтамасы бойынша (2008), инклюзивті білім беру – барлық балалардың сапалы білім алуына тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін құбылыс. Г.А. Степанова (2018) инклюзивті білім беруді білім беру процесінің барлық қатысушылары ынтымақтаса отырып, оң тәжірибе алатын жүйе ретінде қарастырады. L.M. Dreyer (2017) бүкіл білім беру жүйесін трансформациялауды ұсынады. Ғалым С.Б.Нарзулаевтың (2010) пікірінше, инклюзивті білім берудің ұстанымдары инклюзивті саясатта басшылыққа алатын тең мүмкіндіктер мен құқықтарды құруға бағытталған. Инклюзивті білім берудің заңнамалық негізін Ф.Л. Ратнер және А.Ю.Юсупова (2006) қарастыра отырып, «Жалпыға бірдей білім» қозғалысы негізінде сапалы білімге қолжетімділікті қолдады.

Қазіргі таңда инклюзивті білім беру денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі (ДБМШ) балаларды қоғамға кіріктірудің бір жолы болып табылады. Әрине, қоғам саясатты қалыптастыру және оны іске асыру барысына, сонымен қатар мектептерге әдістемелік қолдау көрсете алады, ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларды қабылдау мәдениетін өзгертуге ықпал ете алады. Бірқатар ғалымдар инклюзивті білім беруді денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі балаларға ерекше қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда, олардың әлеуметтенуіне және өзін-өзі жүзеге асыруына ықпал ететін маңызды және өзекті әлеуметтік құбылыс екендігін айтады. Зерттеудің өзектілігі білім беру саласында инклюзивтілікті дамыту мәселесінің қазіргі қоғамдағы маңыздылығымен айқындалады.

Қазақстанда білім беру жүйесіне инклюзияны ендіруде бірқатар кемшіліктердің болуы және салыстырмалы түрде баяу жүруі осы саладағы әлеуметтік саясатты зерттеудің маңыздылығын арттыра түседі. Әлеуметтік жағынан осал балаларды жалпы білім беру үдерісіне кіріктіру мәселесі де жеткілікті зерттелмеген. Аталған мәселелерді кешенді түрде шешу үшін барлық мүдделі тараптардың күш-жігерін біріктіру және инклюзивті білім беру саласында кешенді әлеуметтік саясатты іске асыру қажет етіледі.

Зерттеудің мақсаты – Қазақстандағы инклюзивті білім беру саясатын жүзеге асыру үдерісіне жан-жақты талдау жасау. Сонымен қатар инклюзивті білім беру аспектілері, осы үдерістің заңнамалық негіздері, оның сәтті ендірілуі және болашақ мұғалімдердің ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеуге сапалы дайындалуы да маңызды зерттеу мәселелері болып табылады.

Мақалада инклюзивті білім берудің дамуы ерекше қажеттіліктері бар балалардың сапалы білім алуына мүмкіндік беретіні сипатталған. Бұл балалардың өмір сүру сапасын жақсарта отырып, олардың жарқын болашағын құру тәсілі болып табылады. Мақалада Қазақстандағы инклюзивті білім беру саласындағы әлеуметтік саясат айқындала отырып, оның іске асырылуы мектептерде ғылыми тәжірибе негізінде талданды. Сонымен қатар Қазақстанда инклюзивті білім беруді сәтті ендіруді қамтамасыз етудің негізгі әдістері мен осы бағыттағы педагогикалық құзыреттіліктерді дамыту жолдары көрсетілді. Сапалы инклюзивті білім беру мақсатында мұғалімдерді жан-жақты әдістемелік дайындау және қоғамда ерекше қажеттіліктері бар балаларға деген толеранттылық қарым-қатынас қалыптастыру маңызды.

Зерттеу жұмысының негізін құрайтын ғылыми сұрақтар келесілерді қамтиды:

1. Қазақстан Республикасында әрекеттегі инклюзивті білім беру саясаты ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың білім беру ресурстарына қолжетімділігін қандай деңгейде қамтамасыз етеді?

2. Жалпы білім беретін мектептерде инклюзия ұстанымдары мен сапалы оқыту теңдігі қалай жүзеге асырылады және олардың тиімділігіне қандай факторлар әсер етеді?

3. Шымкент қаласы мектептері мысалында инклюзивті саясатты жүзеге асыру барысында қандай ерекшеліктер мен мәселелер байқалады және олар жалпыұлттық тенденцияларды қалай көрсетеді?

Бұл негізгі сұрақтар Саламанка декларациясы мен Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияда айқындалған халықаралық инклюзия ұстанымдарына сәйкес келетін қазіргі мемлекеттік бағдарламалар, нормативтік-құқықтық актілер мен институционалдық механизмдердің қаншалықты сәйкес келетінін кешенді түрде түсінуді қажет етеді. Мемлекет тарапынан нормативтік және ұйымдастырушылық деңгейде қандай шаралар қолданылып жатқанын ғана емес, сондай-ақ бұл шаралардың мектептерде, мұғалімдер мен білім басқару органдарындағы күнделікті іс-әрекетте қалай жүзеге асатынын түсіну маңызды. Бұл сұрақтар мұғалімдер мен ата-аналар қауымдастығының инклюзия құндылықтарын қабылдауын көрсететін саяси деңгей (стратегиялар және мемлекеттік бағдарламалар), институционалдық деңгей (мектептік практика, кадрлық және инфрақұрылымдық ресурстар) және қоғамның қабылдау деңгейі арасындағы үйлесімділікті анықтауға бағытталған.

Зерттеу сұрақтары жұмыстың логикалық құрылымын анықтай отырып, негізгі үш бағытқа жасалған талдаудың бірізділігін көрсетеді:

– Қазақстанда инклюзивті білім беруді нормативтік-құқықтық реттеу;

– Шымкент қаласы мектептерінде инклюзивті ұстанымдардың іс жүзінде жүзеге асырылуы;

– инклюзивті білім беру ортасын дамытудағы кедергілер мен болашақ дамуды айқындау.

Бұл сұрақтардың қойылуы ұлттық және халықаралық білім беру стандарттары негізінде мәселені қарапайым сипаттаудан мемлекеттік саясаттың тиімділігін бағалауға және оны жетілдіру жолдарын іздеуге бағытталған аналитикалық зерттеуге көшуге мүмкіндік береді.

## Әдіснама

Зерттеу әдіснамасы төрт тәсілді қамтиды: зерттеуге дайындық (*I кезең*), кабинеттік зерттеу (*II кезең*), алынған материалдарды талдау (*III кезең*), зерттеу нәтижелерін ұсыну (*IV кезең*).

### 1-кесте. Зерттеу әдіснамасы

Тәсілдер	Мазмұны	Мерзімі
<i>I кезең</i> Зерттеуге дайындық	Зерттеу жоспарын құру, зерттеуді жүргізу мерзімін анықтау, әдіснаманы және әдістерді таңдау	1 апта
<i>II кезең</i> Кабинеттік зерттеу	Кабинеттік зерттеу, шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерін зерделеу, әдеби шолу жүргізу	2-3 апта
<i>III кезең</i> Алынған материалдарды талдау	Алынған материалдарды талдау, алынған деректерді өңдеу	4-5 апта
<i>IV кезең</i> Зерттеу нәтижелерін ұсыну	Материалдарды өңдеу және талдау, алынған нәтижелерді қорыту және жүйелеу, зерттеу нәтижелерін ұсыну	6 апта

*Бірінші кезеңде* зерттеу жоспары жасалды, зерттеудің кезеңдері мен орындалу мерзімдері көрсетілді, зерттеу гипотезасы құрылды, зерттеу әдіснамасы мен әдістері таңдалды. *Екінші кезеңде* шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері зерделеніп, әдеби шолу жүргізілді, инклюзивті білім берудегі әлеуметтік саясат, оның аспектілері және мемлекеттік қолдау тетіктері талданды, инклюзивті саясатты жүзеге асырудың негізгі ұстанымдары қаралды. *Үшінші кезеңде* инклюзивті білім беру саласындағы әлеуметтік саясатты жүзеге асыруды талдау бойынша алынған материалдар жүйеленіп, жіктелді, теориялық және практикалық тұжырымдар мен зерттеу нәтижелері негізделді, алынған материалдар талданды және өңделді. Төртінші кезеңде зерттеу нәтижелері қорытындыланып, ұсынылды және ресімделді.

Зерттеу мақсатына жету үшін кабинеттік зерттеу әдісі қолданылды, ол келесі теориялық әдістерді пайдалануды қамтиды: ақпарат іздеу, зерттеу тақырыбына қатысты әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық, әдіснамалық әдебиеттерді талдау, нормативтік-құқықтық актілер мен ресми интернет-ресурстарын зерделеу, алынған материалдарды жүйелеу және қорытындылау, жұмыс гипотезасын қалыптастыру.

Әдебиеттерді іздеу және талдау үшін кешенді және объективті қарастыруға бағытталған жүйелі стратегия қолданылды. Бірінші кезеңде ғылыми мақалалардан бастап аналитикалық қесептерге, әдістемелік ұсынымдар мен нормативтік-құқықтық құжаттарға

дейін кең ауқымды деректерді қамтуға мүмкіндік берген жетекші халықаралық Scopus, Web of Science, SpringerLink, ResearchGate, Google Scholar деректер базаларында, сондай-ақ отандық RSCI, eLibrary.kz, National Digital Library of Kazakhstan ресурстарында ізденіс жұмыстары жүргізілді.

Іздеу жұмыстары inclusive education policy, Kazakhstan, implementation, special educational needs, Shymkent schools, inclusive pedagogy, social policy in education кілт сөздері мен олардың комбинациялары бойынша жүргізілді. Мұндай тәсіл қазақстандық контексте инклюзивті білім беруді жүзеге асыру ерекшеліктеріне арналған шетелдік және жергілікті зерттеулерді анықтауға мүмкіндік берді.

Іріктеу критерийлері мемлекеттік саясатты жүзеге асыру, педагогикалық тәжірибе және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың әлеуметтік бейімделуі мәселелерін қарастырылған соңғы он жыл ішіндегі (2015-2025 жж.) жарияланымдарды қамтыды. Эмпириялық деректер, салыстырмалы талдау немесе қолданыстағы инклюзия модельдерінің тиімділігін бағалауға бағытталған жұмыстар таңдалды.

### 2-кесте. Дереккөздердің базалар бойынша бөлінуі

Журнал / Баспа	Жарияланымдар саны	Индекстелуі
SAGE Open	1	Scopus, Q1
SpringerLink	2	Scopus, Q1-Q2
Cambridge University Press	1	Scopus, Q1
International Journal of Advanced Research	1	Scopus
Sustainability (MDPI)	1	Scopus, Q2
Qubahan Academic Journal	1	Regional, Indexed
Revista Gênero e Interdisciplinaridade	1	Scopus
IGI Global Book Series	2	Scopus
KazMu Habarsysy (KazNU Bulletin)	1	National (ҒЖБССҚК)
Орынбор мемлекеттік университетінің хабаршысы	1	RSCI
Еуропалық зерттеуші (Evropejskij Issledovatel)	1	RSCI
UNESCO Reference Documents	1	International Policy Source
Барлығы	14	-

### 3-кесте. Дереккөздердің елдер бойынша бөлінуі

Ел	Жарияланымдар саны	Авторлар/ ұйымдар
Қазақстан	6	Abdina A.K., Tazhina G., Tairova K., Zhomartova A., Rollan K.
Ұлыбритания	3	Makoelle T., Yakavets N., Hernández-Torrano D.

Испания	2	Rodríguez J.M., Fuentes V., Amezcua T.
Оңтүстік Африка	1	Dreyer L.M.
Бразилия / Португалия	1	Borba N.J., Ferreira V.A.S.
Ресей	2	Ратнер Ф.Л., Юсупова А.Ю., Степанова Г.А.
АҚШ	1	Armando S., Arias S.

Іріктеу критерийлері 2 Қазақстанның білім беру жүйесінің ерекшеліктерін көрсетпейтін материалдар, зерттеу базасы жоқ шолу немесе декларативтік сипаттағы жарияланымдарды қарастырмау.

#### 4-кесте. Әдебиеттерді іріктеу кезеңі (PRISMA Flow)

Іріктеу кезеңі	Жарияланымдар саны	Іс-әрекет сипаттамасы
Сәйкестендіру	157	Кілт сөздер бойынша барлық мәліметтер базасында табылған
Көшірмелерін алып тастау	23	Түрлі дереккөздерден қайталаулар жойылды
Аңдатпалар скринингі	97	Аналитикалық мәні жоқ материалдар алынып тасталды
Толық мәтінді талдау	42	Құрылым мен әдіснама егжей-тегжейлі талданды
Қорытынды шолуға енгізілген	18	Жүйелік және салыстырмалы талдау үшін қолданылды

Екінші кезеңде тақырыптық кодтау әдісі қолданылды, ол әдеби көздерді негізгі санаттар бойынша жіктеуге мүмкіндік берді:

- нормативтік-құқықтық база (заңнамалар, ұлттық бағдарламалар, концепциялар);
- педагогикалық тәжірибе (мамандарды даярлау, оқыту әдістері, оқу бағдарламаларын бейімдеу);
- инфрақұрылымдық қамтамасыз ету (қолжетімділік, инклюзияның техникалық және құрылымдық шарттары);
- әлеуметтік қабылдау және қоғамдық ұстанымдар (ата-аналардың қатысуы, БАҚ).

Сонымен қатар ұлттық және халықаралық тәсілдер салыстырмалы түрде талданып, Қазақстандағы инклюзивті білім беру моделінің БҰҰ және ЮНЕСКО құжаттарында көрсетілген әлемдік стандарттарға сәйкестік деңгейі анықталды.

#### 5-кесте. Талдауға алынған авторлар

Автор	Ел	Жариялым / Дереккөз	Жыл
Abdina A.K.	Қазақстан	KazMu Habarsysy	2023
Altinay Z., Tazhina G., Tairova K.	Қазақстан	Conhecimento & Diversidade	2023

Makoelle T.M., Yakavets N.	Ұлыбритания / Қазақстан	Cambridge University Press	2023
Rollan K.	Қазақстан	Springer	2021
Rodríguez J.M., Fuentes V., Amezcua T.	Испания	Sustainability (MDPI)	2021
Dreyer L.M.	ОАР	Education for Initial Teacher Training	2017
Dudu A., Majoko T.	АҚШ	IGI Global	2024
Borba N.J., Ferreira V.A.S.	Бразилия / Португалия	Revista Género e Interdisciplinaridade	2024
Степанова Г.А.	Ресей	CIEDR Proceedings	2018
Ратнер Ф.Л., Юсупова А.Ю.	Ресей	Владос	2006

Бұл жүйелі стратегияны қолдану мәселені мақсатты, құрылымды және дәлелді түрде зерттеуді қамтамасыз етті, ұлттық жетістіктер мен қолданыстағы шектеулерді халықаралық тәжірибе мен тенденциялармен салыстыруға мүмкіндік берді. Мұндай тәсіл зерттеудің ғылыми дәлдігін күшейтіп қана қоймай, Шымкент қаласы мектептерінде инклюзивті саясатты практикалық жүзеге асыруды одан әрі талдау үшін теориялық негіз құрды.

### Нәтижелер

Қазақстанда инклюзивті саясатты жүзеге асыру күрделі үдеріс екендігін көрсетті, өйткені мұнда жетістіктер мен келелі мәселелер қатар байқалады. Әрине, инклюзивті білім беру саясаты денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беру ұйымдарына кіріктіруге бағытталған, алайда тәжірибеде мүгедектігі бар оқушыларды орта білім беру жүйесіне кіріктіру әлі де толық қалыптаспаған. Бұл мәселе қолайлы орта жасау, үздіксіз оқыту және барлық оқушылар үшін қолжетімділікті қамтамасыз ету (*Kalashnikova et al., 2013*) ұлттық білім беру стратегияларымен үйлестіруді қажет етеді. Көріп отырғанымыздай, инклюзивті саясатты жүзеге асыру заңнаманы әзірлеу, әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту және ерекше қажеттіліктері бар балаларға тең білім беру мүмкіндіктерін қамтамасыз ету (*Abdina, 2023*) мақсатында қоғамдық көзқарастарды өзгертуге қатысты мемлекет пен қоғамның жан-жақты қолдауына мұқтаж.

Қазақстанда инклюзивті білім беру саясатының даму тарихы әлеуметтік, саяси және мәдени факторлардың өзара әрекеттесуімен анықталады және дәстүрлі тәжірибеден қазіргі инклюзивті саясатқа өтуін көрсетеді. Қазақстан білім беруде әртүрлілік, теңдік және инклюзивтіліктің маңыздылығын мойындауда жетістіктерге қол жеткізгенімен, елдің тарихи саясаты бұл идеалдарды толық көрсете алмайды. Қазақстанның тарихи-саяси контексті инклюзивті білім берудің дамуына елеулі әсер етті. Бұл үдерістің негізгі факторлары денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі оқушыларды жалпы мектептерге кіріктіруге бағытталған білім беру саясатының эволюциясы және теңдік пен инклюзивтілікке ұмтылған әлеуметтік өзгерістер болды. Кеңес дәуірінің

білім беру тәжірибесінің мұрасы және демократиялық жүйеге көшуі (Makoelle et al., 2023) қазіргі білім беру тәсілдерін қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Әлеуметтік-саяси жағдайлар, ұлттық мұраны сақтауға деген ұмтылыс және XIX ғасырдың соңынан XX ғасырдың басына дейінгі маңызды саяси оқиғалардың әсері білім беру жүйесінің қалыптасуында шешуші рөл атқарды. Бұл факторлар Қазақстанның мемлекеттік білім беру жүйесіне ықпал етіп, инклюзивтілік контекстінде (Bekish et al., 2022) білім берудегі теңсіздікті жоюға, барлық балалар үшін қолжетімділік, теңдік және әділдік қағидаттарын қамтамасыз етуге бағытталды. Бұл трансформация Қазақстанның білім беру мүмкіндіктерін жақсартуға және барлық оқушыларға олардың шығу тегіне қарамастан, сапалы білімге қолжетімділікті қамтамасыз етуге ұмтылысын көрсетеді (Rollan, 2022).

Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасының саяси, экономикалық және мәдени өмірінде жаһандық өзгерістер орын алып жатыр, бұл білім беру жүйесін реформалауға да әсер етеді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев (2021) «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – елдің өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Біздің білім беру жүйеміз қолжетімді және инклюзивті болуы тиіс» деп атап өтті.

Қазақстанда инклюзивті білім беруге ерекше назар аударылуда, ол барлық балалар, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін сапалы білімге қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған негізгі реформа ретінде қарастырылады. Инклюзивті білім беруді дамыту Қазақстанда мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болғандықтан, мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім алуға қолжетімділігін қамтамасыз етуге және білім сапасын арттыруға бағытталған. Мемлекет бұл жағдайларды әлеуметтік және экономикалық шаралар жүйесі арқылы қамтамасыз етеді.



Сурет 1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының бағыттары

Қазақстан инклюзивті білім беру саясатын белсенді жүзеге асыра отырып, көптеген елдерге тән мәселелермен бетпе-бет келуде. Өтпелі кезеңде білім беру тәжірибесін бейімдеудегі қиындықтарды ескеретін тиімді инклюзивті білім беру жүйесін қалыптастыру үшін әртүрлі кемшіліктерді жою қажет (Makoelle, 2020). Елімізде білімге қолжетімділікті кеңейту, білім сапасын арттыру, теңдік пен қолдауды қамтамасыз етуге бағытталған мақсатты бағдарламалар мен стратегиялар әзірленді.

Қазақстанда инклюзивті білім беру барлық оқушылар, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі балалар үшін білім алу құқығын тең қамтамасыз етуге, әртүрлілікті қолдауға бағытталған (Altinay et al., 2023). Алайда, Қазақстандағы инклюзивті білім беру елеулі

қиындықтармен бетпе-бет келеді: инфрақұрылымның жеткіліксіздігі, мамандардың біліктілігінің төмендігі және ресурстардың жетіспеушілігі мүмкіндігі шектеулі оқушыларға қолдау көрсетуді қиындатады (Aubakirova et al., 2025). Саяси қолдауға қарамастан, денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды жұмыспен қамту және оқыту тәжірибесін қайта қарау, сондай-ақ инклюзивті ортаны тиімді басқару жағдайлары қанағаттанарлықсыз деңгейде қалып отыр.

Мектептерде инклюзивті білім беруді ендіруге қатысты Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілері талданды. Мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу құқығы ел заңнамасында бекітілген. Қазақстан 2008 жылы Мүгедектер құқығы туралы конвенцияны ратификациялады, 2016 жылы Білім беру саласында кемсітушілікке қарсы күрес туралы конвенцияға қол қойды. 2020 жылы барлық қазақстандық мектептер инклюзивті болып, әрбір баланың білімге қолжетімділігін қамтамасыз етті. Инклюзивті білім беруге қатысты негізгі ережелер Қазақстан Республикасының Конституциясында және «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Білім туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы» және «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар тұлғаларды әлеуметтік қорғау туралы» заңдарда қамтылған.

**6-кесте. Қазақстанда инклюзивті білім берудің құқықтық қамтамасыз етілуі**

Жылы	Атауы	Қабылданған күні
1989	Баланың құқықтары туралы, БҰҰ Бас Ассамблеясының 1989 жыл 20 қарашадағы 44/95 қарары	БҰҰ Конвенциясы 2006 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметі арқылы ратификацияланған
1993	Мүгедектер үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге арналған стандартты ережелер	БҰҰ Бас Ассамблеясының 1993 жыл 20 желтоқсандағы 48/96 қарарымен қабылданған
2006	Мүгедектердің құқықтары туралы конвенция, БҰҰ Бас Ассамблеясының 2006 жыл 13 желтоқсандағы 61/106 қарары	Қазақстан Республикасы Заңы № 288-V ЗРК, 2015 жыл 20 ақпанда ратификацияланған
2002	Қазақстан Республикасында баланың құқықтары туралы	Қазақстан Республикасы Заңы, 2002 жылғы 8 тамыз, № 345
2002	Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы	Қазақстан Республикасы Заңы, 2002 жылғы 11 шілде, № 343-II
2009	Даму мүмкіндіктері бар балаларға интеграциялық (инклюзивті) білім беруді ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар	Білім және ғылым министрлігінің 2009 жыл 16 наурыздағы № 4-024/450 хаты
2019	Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар тұлғалардың құқықтарын қамтамасыз ету және тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспар	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жыл 28 мамырдағы № 326 Қаулысы

2024	Қазақстан Республикасында инклюзивті саясаттың 2025-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жыл 30 желтоқсандағы № 1143 Қаулысы
------	--	--

Қазақстан мектептерінде инклюзивті ортаны дамытуға бағытталған жаңа бастамалар қолға алынды. 2021 жылдан бастап жалпы білім беретін мектептердің типтік штаттық кестесіне психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестің ұсыныстары немесе психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің шешімдері негізінде педагог көмекші лауазымы енгізілді.

2022 жылы ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау ережелері және психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету ережелері бекітілді. Арнайы білім беру қажеттіліктері жіктеуіші Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының ұсыныстарына сәйкес реттелді. Мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету үшін мемлекеттік тапсырыс енгізілді.

2024 жылғы наурызда Қазақстан Швейцариядағы БҰҰ Мүгедектердің құқықтары жөніндегі комитетінде Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияның орындалуы жөніндегі алғашқы есебін ұсынды. Қорғау қорытындысы бойынша БҰҰ комитеті бірнеше негізгі ұсыныс жасады:

1) Қазақстанның инклюзивті білім беру тәсілін жан-жақты талдап, барлық балаларды олардың ерекшеліктеріне қарамастан, сапалы біліммен қамтамасыз ету;


2) Білім беру мекемелерінде сегрегацияны жою және мүмкіндігіне байланысты кіріктіру, сондай-ақ үйде оқытудан бас тарту шараларын қабылдау;

3) Білім беру ортасының қолжетімділігін қамтамасыз ету және барлық білім беру деңгейлерінде инклюзивтілікке қатысты кедергілерді жою;

4) Инклюзивті оқыту және стратегияларды іске асыру, соның ішінде қолдау көрсету технологияларын (assistive technologies) қолдану;

5) Жеке қолдау көрсету, ыңғайлы орта және ерте алдын алуды қамтамасыз ету.

2024 жылы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің үш деңгейлі моделі енгізілді, осыған орай оқушыларға (тәрбиеленушілерге) психологиялық-педагогикалық қолдау келесі деңгейлерде көрсетіледі (Сурет 3).



Сурет 2. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің үш деңгейлі моделі


«Мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету» мақсатты көрсеткіші қарастырылған. 2024 жылдың соңына қарай қамту деңгейі 85%-ға жетті. Сондай-ақ, соңғы жылы инклюзивті білім беру жағдайларын жасаған мектептердің үлесі 90% өсті. 2025 жылы мүмкіндігі шектеулі балаларды қабылдауға дайын білім беру ұйымдарының үлесін жоғары көрсеткіштерге: балабақшалар – 70%, мектептер – 100%, колледждер – 100%, жоғары оқу орындары – 100% жеткізу жоспарланып отыр.

Қазіргі таңда Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі балалар арнайы мектептерде және ұйымдарда білім алады. Қазақстан Республикасының әртүрлі аймақтарындағы мектептердің ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасауға дайындық деңгейін атап өту маңызды. Ең жоғары дайындық деңгейі Алматы қаласында байқалды. Астана және Шымкент қалалары да инклюзивті білім беруге дайындық бойынша жоғары көрсеткіштерге ие. Ең төмен дайындық Атырау облысында анықталды, мұнда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін тиісті жағдайлар жасалмаған. Деректер пайызбен гистограммада көрсетілді (Сурет 4).




Сурет 3. Инклюзивті білім беруді ендіруге даярлық

Шымкент қаласындағы мектептерде инклюзивті тәжірибелерді дамыту мемлекеттік бастамаларды жүзеге асыруда стратегиялық маңызды, атап айтқанда инклюзивті білім беру ортасын құру бойынша Шымкент қаласында ерекше білім беру қажеттіліктері бар 10476 бала бар, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі балалар – 2674, үйде оқитын балалар – 1241.



Сурет 4. Шымкент қаласында ЕББҚ бар балалар саны


Сондай-ақ, ЕББҚ бар 882 бала арнайы мектеп-интернаттарда оқумен қамтылған (сурет 5).



Сурет 5. ЕББҚ бар балалардың білім алуымен қамтылуы

Көптеген есту қабілеті бұзылған арнайы интернат түлектері Шымкент қаласындағы колледждерде бағдарламашы және тігінші мамандықтары бойынша оқуды жалғастырады. 1 241 ерекше білім беру қажеттіліктері бар бала үйде білім алуда: олардың 728-і бастауыш білім/негізгі жалпы білім беру үшін жеке оқу бағдарламасы бойынша, ал 513-і

бастауыш білім мен негізгі жалпы білім беру үшін бейімделген оқу бағдарламасы (БӨБ) бойынша оқиды.



Сурет 6. Үйде оқитын ЕББҚ бар балалар

Сонымен қатар инклюзивті білім алатын ерекше білім беру қажеттіліктері бар 375 бала қаланың 6 жалпы білім беретін мектебінде арнайы 53 сыныпта оқиды (7-кесте).

**7-кесте. Жалпы білім беретін мектептерде оқитын ЕББҚ бар бала саны**

Мектептер	Арнайы сыныптар саны	Оқыту түрі	ЕББҚ бар балалар саны
№ 39 мектеп	26	ТНР-6, УОР-20	195
№11 мектеп	3	УОР	16
№51 мектеп	4	УОР	34
№18 мектеп	18	УОР	115
№20 мектеп	1	УОР	8
№112 мектеп	1	УОР	7
<b>6 жалпы білім беретін мектеп</b>	<b>53</b>	<b>ТНР-6, УОР-47</b>	<b>375</b>

Қаланың №19, №12, №37 мектептерінде «Болашақ» қоғамдық қорының қолдауымен ашылған инклюзияны қолдау бойынша 34 кабинет жұмыс жасайды. Қазіргі таңда қаланың 143 мектебінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған техникалық қолжетімді құралдарымен толық жабдықталған (пандустар, тактильді жолдар, санитарлық-гигиеналық бөлмелер және т.б.) бөлмелер әрекет етеді. Жалпы білім беретін 46 мектепте мұғалім көмекшісінің ерекше қолдауы қамтамасыз етілсе, 122 мектепте логопедиялық қолдау көрсетіледі, жалпы 69 балабақша логопедиялық қолдаумен қамтылған. Сонымен қатар 126 мектепте 122 логопункт ашылған, қосымша 46 штаттық логопед және медиациялық кабинеттер қызмет көрсетеді. Бұдан басқа Шымкент қаласының Білім басқармасында «Ерекше білім беру қажеттіліктері

бар балаларды қолдау орталығы» ашылған. Инклюзивті білім беру мәселелерінде мемлекеттік органдар үкіметтік емес секторлармен, соның ішінде «Дара», «Болашақ», «Әділ бұлақ», «Болат Өтемұратов қоры» және басқа да қоғамдық қорлармен тығыз ынтымақтастық орнатылған.

Зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасында елеулі саяси және нормативтік күш-жігерге қарамастан, инклюзивті саясатты жүзеге асырудың тиімділігі кейбір институционалдық, кадрлық және ұйымдастырушылық-әдістемелік кедергілерге байланысты шектеулі деген гипотезаны растады.

Ең алдымен, қолданыстағы нормативтік база мен мемлекеттік бағдарламалар инклюзивті білім беруді дамытуда берік негіз екендігіне қарамастан, орталық және аймақтық басқару деңгейлері арасындағы нақты үйлесімді әрдайым қамтамасыз ете бермейтіндігі анықталды. Нәтижесінде ұлттық құжаттарда көрсетілген стратегиялық мақсаттар мен мектептерде жүзеге асыру механизмдері арасында қарама-қайшылықтар туындады.

Институционалдық деңгейде басты кедергілерге білім беру мекемелерінің ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қабылдауға дайын болмауы, оқу үдерісін дараландыруға арналған шектеулі ресурстар, сондай-ақ енгізілетін шаралардың тиімділігін бағалауға мүмкіндік беретін мониторинг жүйесінің болмауы жатады. Кейбір мектептердегі инфрақұрылымның төмен деңгейі мен заманауи көмекші технологиялардың жеткіліксіздігі оқушылардың толыққанды кірігу мүмкіндігін төмендетеді.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасау әдістерін білетін педагогтердің жеткіліксіздігі және оларды қайта даярлау мүмкіндіктерінің шектеулігі - кадрлық кедергілер де маңызды рөл атқарады. Қайта даярлық курстары болса да, олар көбіне практикалық бағытта емес және жүйелі сипаты тұрақсыз. Бұл мұғалімдердің нақты оқу ортасында инклюзивті тәсілдерді қолдануға дайын болмауына әкеледі.

Сонымен қатар әлеуметтік-психологиялық деңгейде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қатысты стереотиптер мен алдын ала түсініктер сақталады, бұл кіріктіру процесінің тиімділігін төмендетеді. Мектеп, отбасы және қоғам арасындағы өзара әрекеттестіктің жеткіліксіздігі тұрақты инклюзивті мәдениетті қалыптастыруға кедергі жасайды.

Нәтижелерді талдау барысында инклюзивті білім беру саясатын жүзеге асырудың тиімділігін арттыру үшін нормативтік базаны жетілдіру, кадрлық әлеуетті дамыту, мекемелер аралық ынтымақтастықты күшейту және инклюзивті тәжірибенің сапасын бағалауға арналған заманауи құралдарды енгізу тәсілдерін кешенді қолдану қажет екендігіне көз жетті. Тек осы факторларды ескерген жағдайда ғана Қазақстан Республикасының 2025-2030 жылдарға арналған инклюзивті саяси тұжырымдамасында көзделген мақсатты көрсеткіштерге қол жеткізу және барлық оқушылар үшін шын мәнінде қолжетімді әрі әділ білім беру ортасын құру мүмкін болады.

## Қорытынды

Қазақстандағы инклюзивті білім беру саясаты ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың саяси және институционалдық деңгейдегі білім беру мүмкіндіктерін едәуір кеңейтті. Қазақстан осы салада айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізгеніне қарамастан, инклюзияны тиімді іске асыру кешенді тәсілдерді талап етеді. Бұл тәсіл заңнаманы жетілдіруді, педагог кадрларды даярлауды, қоғамдық қолдауды қамтамасыз етуді және үкіметтік емес ұйымдардың белсенді қатысуын көздейді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған инклюзивті білім беру олардың жалпы білім беру мекемелеріне интеграциялануын қамтамасыз етуге және оқытуға қолайлы орта құруға бағытталған, бұл Қазақстанның білім беру саясатының жаңа стратегиялық бағытына айналады.

Қазақстан Республикасындағы инклюзивті білім беру саясатының қазіргі жай-күйін талдау мемлекеттің бұл бағытты белсенді дамытып отырғанын көрсетеді, өйткені инклюзивті білім беру қоғамды дамыту мен әлеуметтік интеграцияның маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Қазақстандық контексте бұл процесс ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқытуға енгізу, әртүрлі педагогикалық әдістер мен оқу материалдарын өзгерту арқылы жүзеге асырылады.

Ұсынылған мақаланың материалдары ғылыми қоғамдастыққа, әлеуметтанушыларға, педагогтарға, университет профессорларына, психологтарға, зерттеушілерге және білім беру ұйымдарына қатысты. Зерттеу ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың қазіргі әлеуметтік қатынастарға оңтайлы бейімделуін, қоғамға интеграциялануын қамтамасыз етуге бағытталған. Сонымен қатар, нәтижелер ата-аналар үшін маңызды ақпараттық ресурс болып табылады, өйткені олар мұғалімдермен және тәрбиешілермен бірлесіп балаларының оқу процесіне белсенді қатыса алады. Алайда инклюзивті білім беруді одан әрі жетілдіру үшін келесі бағыттарды терең зерттеу қажет:

– ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім беру процесінде заманауи ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану;

- педагогтар мен ата-аналардың өзара іс-қимылының педагогикалық маңыздылығы;
- білім беру мекемесінде қолайлы, қолдаушы және Инклюзивті ортаны қалыптастыру.

Осы тұрғыдан алғанда, жүргізілген зерттеу отандық білім беру жүйесіндегі инклюзия процестерін ғылыми тұрғыдан тереңірек түсінуге ғана емес, сонымен қатар әр оқушының жеке ерекшеліктері мен оқу қажеттіліктерін ескере отырып, тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге практикалық үлес қосуға мүмкіндік береді.

**Алғыс айту және мүдделер қақтығысы:** Бұл зерттеу М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Zhas Galum» ЮКУ2024-024 «Қазақстанда инклюзивті білім беру саласындағы әлеуметтік саясат: ресурстар мен шектеулер» университетішілік ғылыми-зерттеу жобасы шеңберінде қаржыландырылды. Мүдделер қақтығысы жоқ.

## Авторлардың үлесі

Екі автор да зерттеу дизайны, әдіснамасы мен құралдарын әзірлеуге үлес қосты. Деректерді жинау **М.Н. Сыздық** тарапынан жүргізілді. Сандық және сапалық деректерді талдауды **П.Ж. Парманкулова** жүзеге асырды. Қолжазбаның алғашқы нұсқасын **М.Н.Сыздық** жазды. Қосымша толықтырулар мен түзетулерді **П.Ж. Парманкулова**

жасады. Екі автор да соңғы нұсқаны мақұлдады және жарияланым мазмұны мен деректердің дәлдігі үшін жауапты.

### Әдебиеттер тізімі

1. Касым-Жомарт Токаев (2021) Послание Президента народу Казахстана «Единство народа и системные реформы-прочная основа процветания страны» от 1 сентября 2021 года. Доступно по ссылке: <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-183048>
2. Митчелл, Д. (2011), “Эффективные педагогические технологии специального и инклюзивного образования”, Главы из книг. М.: РООИ «Перспектива», 139 с.
3. [https://centerprof38.ru/sites/default/files/one\\_click/mitchel\\_tehnologii.pdf](https://centerprof38.ru/sites/default/files/one_click/mitchel_tehnologii.pdf)
4. Нарзулаев, С.Б., Данилова, Т.Б., Щуклова, Л.А. (2010), “Инклюзивное образование: проблемы, опыт, перспективы”, стр. 242-248. file:///Users/perizat/Downloads/inklyuzivnoe-obrazovanie-problemy-opyt-perspektivy.pdf
5. Ратнер, Ф.Л., Юсупова, А.Ю. (2006), “Интегрированное обучение детей с ограниченными возможностями в обществе здоровых детей”, -М.: Гуманитар. изд. центр ВЛАДОС, 89 с. ISBN 5-691-01581-8.
6. Abdina, A.K. (2023) ‘Analysys of inclusive education in the Republic of Kazakhstan in the context of the philosophy of independent living’, KazMu Habarsysy. Philosophy, Cultural Studies and Political Science Series, 86(4), pp. 22–32. Available at: <https://doi.org/10.26577/jpcp.2023.v86.i4.03>
7. Altinay, Z., Tazhina, G., Tairova, K., Dagli, G. & Kenebayeva, A.S. (2023) ‘Examining sustainable development goals for current situation of inclusive education policies and practices in Kazakhstan universities’, *Conhecimento & Diversidade*, 15(40), pp. 508–525. Available at: <https://doi.org/10.18316/rcd.v15i40.11235>
8. Armando, S., Alfaro, M., Arias, S. & Gamba, A. (2019) *Agenda 2030. Claves para la transformación sostenible*. Madrid: Catarata, 318 pp. *Relaciones Internacionales*, 46, pp. 207–210. Available at: <https://revistas.uam.es/relacionesinternacionales/article/view/13059>
9. Aubakirova, R.Z., Zhomartova, A., Nurgaliyeva, M., Tulekova, G., Tursungozhinova, G., Skiba, M., Turganbayeva, A. & Belenko, O. (2025) ‘Improving psychological and educational support of university students with disabilities in Kazakhstan’, *Qubahan Academic Journal*, 5(1), pp. 150–158. Available at: <https://doi.org/10.48161/qaj.v5n1a1063>
10. Bekish, Y.T., Sardarova, E. & Yessenova, P. (2022) ‘Social conditions of Kazakhstan in the development of education in the late XIX - early XX centuries’, *Vestnik Orenburgskogo Gosudarstvennogo Universiteta*, 236, pp. 6–12. Available at: <https://doi.org/10.25198/1814-6457-236-6>
11. Borba, N.J., Ferreira, V.A.S., Santos, T.P. & Carvalho, S. (2024) ‘Inclusive education’, *Revista Gênero e Interdisciplinaridade*, 5(3), pp. 182–191. Available at: <https://doi.org/10.51249/gei.v5i03.2073>
12. Dreyer, L.M. (2017) ‘Inclusive Education’, in *Education for initial teacher training*. Cape Town: Juta & Company (Pty) Ltd, pp. 383–400. Available at: [https://www.researchgate.net/publication/316352226\\_Inclusive\\_Education](https://www.researchgate.net/publication/316352226_Inclusive_Education)
13. Dudu, A., Mavezera, T.F. & Majoko, T. (2024) ‘Inclusive Education’, in *IGI Global*, pp. 376–390. Available at: <https://doi.org/10.4018/979-8-3693-1147-9.ch025>
14. Kalashnikova, T.A., Bobrova, V.V., Likhacheva, E.N. & Imanbekov, M.I. (2013) ‘Implementation of inclusive education in general education institutions’, *Evropejskij Issledovatel*, 43, pp. 591–597. Available at: <https://doaj.org/article/34e747167002409080b8a1b4625def5a>

15. Kaur, G. (2024) 'Inclusive education: progressive realization in higher education', *International Journal of Advanced Research*, 12(5), pp. 1264–1269. Available at: <https://doi.org/10.21474/ijar01/18842>
16. Makoelle, T. (2020) 'Schools' transition toward inclusive education in post-Soviet countries: Selected cases in Kazakhstan', *SAGE Open*, 10(2), e-215824402092658. Available at: <https://doi.org/10.1177/2158244020926586>
17. Makoelle, T.M., Hernández-Torrano, D., Somerton, M. & Yakavets, N. (2023) 'Diversity, equity and inclusion in Kazakhstani schools', in Cambridge University Press, pp. 75–92. Available at: <https://doi.org/10.1017/9781009070515.008>
18. Oranga, J., Njurai, E.W., Gisore, B. & Areba, G.N. (2024) 'Inclusive Education', in IGI Global, pp. 101–119. Available at: <https://doi.org/10.4018/979-8-3693-1614-6.ch006>
19. Rodríguez, J.M., Fuentes, V. & Amezcua, T. (2021) 'Inclusive university education in Bolivia: The actors and their discourses', *Sustainability*, 13(19), pp. 1–20. Available at: <https://doi.org/10.3390/su131910818>
20. Rollan, K. (2021) *Kazakhstan's transition to inclusion: The journey so far*. Cham: Springer, pp. 3–18. Available at: [https://doi.org/10.1007/978-3-030-65543-3\\_1](https://doi.org/10.1007/978-3-030-65543-3_1)
21. Stepanova, G.A. (2018) 'Theory and practice of modern inclusive education', in CIEDR 2018 - The International Scientific and Practical Conference "Contemporary Issues of Economic Development of Russia: Challenges and Opportunities". Available at: <https://dx.doi.org/10.15405/epsbs.2019.04.107>
22. UNESCO (2008) *Inclusive education: the way of the future; reference document*. International Conference on Education, 48th, Geneva, Switzerland: UNESCO International Bureau of Education. Available at: <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000162787>

**М.Н. Сыздык, П.Ж. Парманкулова**

*Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан*

### **АНАЛИЗ РЕАЛИЗАЦИИ ПОЛИТИКИ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ И В ШКОЛАХ ГОРОДА ШЫМКЕНТ**

**Аннотация.** Инклюзивное образование, являясь одним из ключевых направлений мировой образовательной политики, ориентировано на обеспечение равного доступа к качественному обучению для всех категорий учащихся, включая детей с особыми образовательными потребностями. Процесс реализации инклюзивной политики в Республике Казахстан отличается сложностью и сочетает позитивные достижения и существенные вызовы. Актуальность данного исследования определяется возрастающей значимостью проблематики инклюзивности в условиях трансформации социально-образовательной среды. Цель исследования заключается в комплексном анализе процесса внедрения и реализации политики инклюзивного образования в Казахстане, с особым акцентом на общеобразовательные школы города Шымкент. Методологическая основа исследования включает этапы: подготовительный, кабинетное исследование, аналитическую обработку собранных данных и презентацию полученных результатов. Анализ социальной политики в сфере инклюзивного образования в Республике Казахстан свидетельствует об активном государственном участии в продвижении данного направления. Полученные результаты позволяют утверждать, что в Казахстане предпринят ряд инициатив, направленных на формирование и развитие инклюзивной образовательной

среды. Следует отметить, что развитие инклюзивных практик в школах Шымкента имеет стратегическое значение для успешной реализации государственных программ, направленных на создание условий для доступного и качественного образования для всех детей. Проведённое исследование расширяет научное понимание процессов инклюзии в отечественном образовании, вносит вклад в практическое решение задач по обеспечению равных возможностей для каждого ребёнка.

**Ключевые слова:** Социальная политика, политика инклюзивного образования, реализация политики, дети с особыми образовательными потребностями, специальные школы

**M.N. Syzdyk, P.Zh. Parmankulova**

*M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan*

### **ANALYSIS OF THE IMPLEMENTATION OF INCLUSIVE EDUCATION POLICY IN KAZAKHSTAN AND IN SCHOOLS IN THE CITY OF SHYMKENT**

**Abstract.** Inclusive education, being one of the key directions of global educational policy, is focused on ensuring equal access to quality education for all categories of students, including children with special educational needs. The process of implementing an inclusive policy in the Republic of Kazakhstan is complex and combines positive achievements and significant challenges. The relevance of this study is determined by the increasing importance of the issues of inclusivity in the context of the transformation of the socio-educational environment. The purpose of the study is a comprehensive analysis of the process of implementation and implementation of inclusive education policy in Kazakhstan, with a special focus on secondary schools in Shymkent. The methodological basis of the research includes the following stages: preparatory, desk study, analytical processing of the collected data and presentation of the results. The analysis of social policy in the field of inclusive education in the Republic of Kazakhstan indicates active state participation in the promotion of this area. The results obtained suggest that Kazakhstan has undertaken a number of initiatives aimed at the formation and development of an inclusive educational environment. It should be noted that the development of inclusive practices in Shymkent schools is of strategic importance for the successful implementation of government programs aimed at creating conditions for affordable and high-quality education for all children. The conducted research expands the scientific understanding of the processes of inclusion in Russian education, contributes to the practical solution of the tasks of ensuring equal opportunities for every child.

**Keywords:** Social policy, inclusive education policy, policy implementation, children with special educational needs, special schools

#### **Reference**

1. Abdina, A.K. (2023) 'Analisis of inclusive education in the Republic of Kazakhstan in the context of the philosophy of independent living', *KazMu Habarsysy. Philosophy, Cultural Studies and Political Science Series*, 86(4), pp. 22–32. Available at: <https://doi.org/10.26577/jpcp.2023.v86.i4.03>
2. Altinay, Z., Tazhina, G., Tairova, K., Dagli, G. & Kenebayeva, A.S. (2023) 'Examining sustainable development goals for current situation of inclusive education policies and practices in Kazakhstan universities', *Conhecimento & Diversidade*, 15(40), pp. 508–525. Available at: <https://doi.org/10.18316/rcd.v15i40.11235>

3. Armando, S., Alfaro, M., Arias, S. & Gamba, A. (2019) *Agenda 2030. Claves para la transformación sostenible*. Madrid: Catarata, 318 pp. *Relaciones Internacionales*, 46, pp. 207–210. Available at: <https://revistas.uam.es/relacionesinternacionales/article/view/13059>
4. Aubakirova, R.Z., Zhomartova, A., Nurgaliyeva, M., Tulekova, G., Tursungozhinova, G., Skiba, M., Turganbayeva, A. & Belenko, O. (2025) 'Improving psychological and educational support of university students with disabilities in Kazakhstan', *Qubahan Academic Journal*, 5(1), pp. 150–158. Available at: <https://doi.org/10.48161/qaj.v5n1a1063>
5. Bekish, Y.T., Sardarova, E. & Yessenova, P. (2022) 'Social conditions of Kazakhstan in the development of education in the late XIX - early XX centuries', *Vestnik Orenburgskogo Gosudarstvennogo Universiteta*, 236, pp. 6–12. Available at: <https://doi.org/10.25198/1814-6457-236-6>
6. Borba, N.J., Ferreira, V.A.S., Santos, T.P. & Carvalho, S. (2024) 'Inclusive education', *Revista Gênero e Interdisciplinaridade*, 5(3), pp. 182–191. Available at: <https://doi.org/10.51249/gei.v5i03.2073>
7. Dreyer, L.M. (2017) 'Inclusive Education', in *Education for initial teacher training*. Cape Town: Juta & Company (Pty) Ltd, pp. 383–400. Available at: [https://www.researchgate.net/publication/316352226\\_Inclusive\\_Education](https://www.researchgate.net/publication/316352226_Inclusive_Education)
8. Dudu, A., Mavezera, T.F. & Majoko, T. (2024) 'Inclusive Education', in *IGI Global*, pp. 376–390. Available at: <https://doi.org/10.4018/979-8-3693-1147-9.ch025>
9. Kalashnikova, T.A., Bobrova, V.V., Likhacheva, E.N. & Imanbekov, M.I. (2013) 'Implementation of inclusive education in general education institutions', *Evropejskij Issledovatel*, 43, pp. 591–597. Available at: <https://doaj.org/article/34e747167002409080b8a1b4625def5a>
10. Kaur, G. (2024) 'Inclusive education: progressive realization in higher education', *International Journal of Advanced Research*, 12(5), pp. 1264–1269. Available at: <https://doi.org/10.21474/ijar01/18842>
11. Makoelle, T. (2020) 'Schools' transition toward inclusive education in post-Soviet countries: Selected cases in Kazakhstan', *SAGE Open*, 10(2), e-215824402092658. Available at: <https://doi.org/10.1177/2158244020926586>
12. Makoelle, T.M., Hernández-Torrano, D., Somerton, M. & Yakavets, N. (2023) 'Diversity, equity and inclusion in Kazakhstani schools', in *Cambridge University Press*, pp. 75–92. Available at: <https://doi.org/10.1017/9781009070515.008>
13. Mitchell, D. (2011) *Effektivnye pedagogicheskie tekhnologii spetsial'nogo i inkluzivnogo obrazovaniya*. Moscow: ROOI "Perspektiva", 139 p. Available at: [https://centerprof38.ru/sites/default/files/one\\_click/mitchel\\_tehnologii.pdf](https://centerprof38.ru/sites/default/files/one_click/mitchel_tehnologii.pdf)
14. Narzulaev, S.B., Danilova, T.B. & Shchuklova, L.A. (2010) *Inkluzivnoe obrazovanie: problemy, opyt, perspektivy*, pp. 242–248. Available at: <file:///Users/perizat/Downloads/inkluzivnoe-obrazovanie-problemy-opyt-perspektivy.pdf>
15. Oranga, J., Njurai, E.W., Gisore, B. & Areba, G.N. (2024) 'Inclusive Education', in *IGI Global*, pp. 101–119. Available at: <https://doi.org/10.4018/979-8-3693-1614-6.ch006>
16. Ratner, F.L. & Yusupova, A.Yu. (2006) *Integrirovannoe obuchenie detey s ogranichennymi vozmozhnostyami v obshchestve zdorovykh detey*. Moscow: Gumanitar. izd. tsentr VLADOS, 89 p. ISBN 5-691-01581-8
17. Rodríguez, J.M., Fuentes, V. & Amezcua, T. (2021) 'Inclusive university education in Bolivia: The actors and their discourses', *Sustainability*, 13(19), pp. 1–20. Available at: <https://doi.org/10.3390/su131910818>
18. Rollan, K. (2021) *Kazakhstan's transition to inclusion: The journey so far*. Cham: Springer, pp. 3–18. Available at: [https://doi.org/10.1007/978-3-030-65543-3\\_1](https://doi.org/10.1007/978-3-030-65543-3_1)

19. Stepanova, G.A. (2018) 'Theory and practice of modern inclusive education', in CIEDR 2018 - The International Scientific and Practical Conference "Contemporary Issues of Economic Development of Russia: Challenges and Opportunities". Available at: <https://dx.doi.org/10.15405/epsbs.2019.04.107>

20. Tokayev, K.-Zh. (2021) Poslanie Prezidenta narodu Kazakhstana "Edinstvo naroda i sistemnye reformy – prochnaya osnova protsvetaniya strany", 1 September. Available at: <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-183048>

21. UNESCO (2008) Inclusive education: the way of the future; reference document. International Conference on Education, 48th, Geneva, Switzerland: UNESCO International Bureau of Education. Available at: <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000162787>

### **Авторлар туралы мәлімет**

**Сыздық Мақпал Нұрсұлтанқызы** – М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан.

**Парманқұлова Перизат Жаксылықовна** – хат-хабар авторы, PhD, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан.

### **Сведения об авторах**

**Сыздық Мақпал Нұрсұлтанқызы** – Южно-Казакхстанский университет им. М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан.

**Парманқұлова Перизат Жаксылықовна** – автор для корреспонденции, PhD, Южно-Казакхстанский университет им. М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан.

### **Information about authors**

**Syzdyk Makpal Nursultankyzy** – M. Auevov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan.

**Parmankulova Perizat Zhaksylykovna** – corresponding author, PhD, M. Auevov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhst